ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
МАҚТАРАЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ

«МАҚТАРАЛ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі

АКИМАТ МАКТААРАЛЬСКОГО РАЙОНА
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Государственное учреждение
«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ МАКТААРАЛЬСКОГО РАЙОНА»

БҰЙРЫҚ

12.05.2010 ж. № 05-10

Жетісай қаласы

ПРИКАЗ

город Жетысай

Әзімова Сейсенкүл Досанқызы
туралы

Әзімова Сейсенкүл – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 33 бабы 1 тармағына сәйкес Мактарал ауданы Жетісай каласы Ә. Қашаубаев көшесі №9 „А“ үйде жаңадан ашылған „Аяулым“ бөбекжай балабақшасы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының меңгерушісі қызметіне 2010 жылдың 12 мамырынан бастап тағайындалсын және оған мекеменің барлық құжаттарына бірінші кол кою құқығы берілсін.

Негізі : Өз өтініші, еңбек келісім шарты.

Бөлім басшысы К. Бапаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
«ЖЕТІСАЙ АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

№ 20-к
«04» 10 2018 ж

Балабақша меңгерушілерімен еңбек қатынастарын өзгеріссіз жалғастыру туралы

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 47-бабы, Жетісай ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі №63 және 2018 жылғы 19 қыркүйектегі №85 қаулылары негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес еңбек қатынастары өзгеріссіз жалғасатын балабақша меңгерушілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Бекітілген тізбеге сәйкес 2018 жылдың 4 қазанынан бастап балабақша меңгерушілерімен еңбек қатынастары өзгеріссіз жалғассын және оларға өз кәсіпорнының құжаттарына, оның ішінде қаржылық құжаттарына бірінші қол қою құқығы берілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысының м.у.а. **Т.Мирзалиев**

Көшірме дұрыс

Жетісай ауданының білім бөлімінің
2018 жылғы 4 қазандағы №20-к бұйрығына
қосымша

Бекітемін
Жетісай ауданының білім
бөлімі басшысының м.у.а.
Т.Мирзалиев

Еңбек қатынастары өзгеріссіз жалғасатын балабақша меңгерушілерінің тізбесі

№	Аты-жөні, тегі	Лауазымы
1	Бектибаева Гульвира Толегеновна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Әсел" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
2	Аблаева Гульнара Алимовна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Мерей" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
3	Бақбергенова Ләззат Мұхтарқызы	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Күншуақ" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
4	Жаштаева Айша Сапаровна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Ақмарал" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
5	Алмагамбетова Хатира Арубаевна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Алпамыс батыр" бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
6	Усманова Жания Амангельдиевна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Майра" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
7	Әзімова Сейсенкүл Досанқызы	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Аяулым" бөбекжай балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
8	Абишева Акмарал Пердебаевна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Бөбек" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
9	Өрісбаев Еркінбек Бақтыбайұлы	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Ақ көгершін" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
10	Абенова Загира Тельмановна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Әлжан ана" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы
11	Аблаева Айнур Асилтаевна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Бейбарыс" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны меңгерушісінің міндетін уақытша атқарушы
12	Бесбаева Бибигуль Бактыбаевна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Бұлдіршін" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
13	Абишева Гульзад Абдыкалыковна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Сәби" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
14	Куатбаева Карлыгаш Алдияровна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Балдәурен" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
15	Кенжебекова Толкын Жолмырзаевна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Нұр Асықата" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
16	Рахманова Гулжамал Дуйсенбековна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Наурыз" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
17	Арынбаева Жамила Ергашбаевна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Дана" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
18	Усенова Раушан Калдарбековна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Ертөстік" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі
19	Айнабекова Гулпаз Ануарбековна	Жетісай ауданы білім бөлімінің "Қуаныш" бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының меңгерушісі

БЕКІТЕМІН
Жетісай ауданының білім
бөлімі басшысының м.у.а.
_____ Т.А.Мирзалиев
«4 » қазан 2018 жыл

«Ақжелкен» бөбекжай бақшасы» МКҚК
(мектепке дейінгі ұйым атауы)
Ерімова Сәуле Ақтаевна
(меңгерушінің аты-жөні тегі)

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

Лауазымдық міндеттері: нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мектепке дейінгі оқыту және тәрбие ұйымның (бұдан әрі – МДҰ) қызметін басқарады. Педагогикалық кеңеспен бірге белгіленген тәртіппен оқу жұмыс жоспарларын, негізгі (вариативті, авторлық), қосымша мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларын, ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу мен бекітуді ұйымдастырады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламаларының іске асырылуын қамтамасыз етеді, оқу-тәрбие процесі барысында білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері мен қызметкерлерінің денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігіне қажетті жағдайлар жасайды.

Білім беру ұйымын басқару құрылымын анықтайды, қаржылық, шаруашылық, ғылыми, әдістемелік және басқа да мәселелерді шешеді. Тәрбиеленушілердің контингентін қалыптастырады, оларды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Қоғамдық педагогикалық ұйымдар мен әдістемелік бірлестіктердің қызметіне ықпал етеді. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау мен нығайту, тамақтандыру және балаларға дәрігерлік қызмет көрсету үшін ұйымды қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымының мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, жыл сайын құрылтайшылардан түскен қаражат пен оның жұмсалуы туралы есеп береді. Оқу-материалдық базаны сақтау мен нығайтуды, есеп жүргізуді, санитарлық-гигиеналық тәртіптің, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. Жұртшылықпен, ұйымдармен, ата-аналармен (оларды алмастырушылармен) өзара байланысты жүзеге асырады. Педагог кадрларды және көмекші қызметшілерді іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын әзірлейді. Кадрлардың кәсіби шеберліктерін арттыруға жағдай жасайды. Белгіленген тәртіппен қызметкерлерді аттестаттаудан өткізеді. Компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық құзыретті меңгерген болуы тиіс.

Педагогикалық кеңестің жұмысын басқарады. Мемлекеттік, қоғамдық және басқа да ұйымдарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымын танытады. МДҰ-ның қызметі туралы қажетті есеп дайындауды және ұсынуды қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады. Мектепке дейінгі ұйым басшысы:

1) мектепке дейінгі ұйымның атынан әрекет етеді, барлық мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарда оның атынан өкілдік етеді;

2) қаражатқа иелік етуші болып табылады, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктерде есептік және басқа да шоттар ашады;

3) өз құзыреті шегінде мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;

4) кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару құқығын пайдаланады;

5) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына, Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту-тәрбиелеу процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;

6) балалардың мүдделерін, отбасы қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша көрсетілетін қызметтерді ұйымдастырады;

7) баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе заңды өкілдерін жарғымен, қабылдау тәртібі мен оқыту-тәрбиелеу процесін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады;

8) мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

1) тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны;

3) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны;

4) тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

5) қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты нысаналы пайдаланбағаны үшін;

6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың өзге де бұзылғаны үшін жауапты болады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері мектепке дейінгі ұйым дербес әзірлейтін ішкі тәртіп қағидаларында және қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында нақтыланады. Бұл ретте көрсетілген актілерде тіркелетін құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Білім туралы" Заңға, өзге де заңнамалық актілер мен мектепке дейінгі ұйым жарғысына қайшы келмеуі тиіс.

Білуге міндетті: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы", Қазақстан Республикасының Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңдары және басқа да білім беруді дамытудың бағыттары мен келешегін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді, педагогика мен психология негіздерін; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, педагогика және психологияны, педагогикалық ғылым мен практиканың жетістіктерін, экономика негіздерін, қаржы-шаруашылық қызметін, еңбек туралы заңнаманы, еңбекті қорғауды, техника қауіпсіздігі және өртке қарсы қорғанудың ережелері мен нормаларын, санитарлық ережелер мен нормаларды, дәрігерге дейінгі медициналық көмектің негіздерін.

Лауазымдық нұсқаулыпен таныстым: _____ 04.10.2018 ж